

**Қарабалық ауданындағы жер асты сулары Смирнов орталықтандырылған су тартудың санитарлық қорғау аймақтарын белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы әкімдігінің 2013 жылғы 26 желтоқсандағы № 571 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 23 қаңтарда № 4414 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 181 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 28.04.2022 № 181 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 39, 117-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**Ескерту. Қаулының кіріспесіне өзгеріс енгізілді – Қостанай облысы әкімдігінің 14.03.2016 № 116 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Қосымшаға сәйкес Қарабалық ауданындағы жер асты сулары Смирнов орталықтандырылған су тартудың санитарлық қорғау аймақтары белгіленсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Н. Садуақасов*

**КЕЛІСІЛДІ:**

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы

\_\_\_\_\_ С. Байменова

"Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Тобыл-Торғай бассейндік инспекциясы" республикалық

мемлекеттік мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ Г. Оспанбекова

Әкімдіктің  
2013 жылғы 26 желтоқсандағы  
№ 571 қаулысына қосымша

**Қарабалық ауданындағы жер асты сулары Смирнов  
орталықтандырылған су тартудың санитарлық қорғау аймақтары**

Су тарту көзінің атауы	Санитарлық қорғау аймақтарының мөлшерлері					
	I-белдеу		II-белдеу		III-белдеу	
	шекарасы	ауданы	шекарасы	ауданы	шекарасы	ауданы
№ 13, № 14, № 15 ұңғымалар	Радиусі - әр ұңғыманың айналасында 50 метр	2,355 гектар	Ұзындығы – 398 метр Барынша ені – 416 метр	16,557 гектар	Ұзындығы – 3125 метр Барынша ені – 3974 метр	1242 гектар
№ 4 ұңғыма	Радиусі – 50 метр	0,785 гектар	Радиусі – 150 метр	7,065 гектар	Радиусі – 748 метр	175,684 гектар

Ескерту: "Қостанай облысының Қарабалық ауданындағы жер асты сулары Смирнов орталықтандырылған су тартудың санитарлық қорғау аймағының негіздемесі" жобасының картографиялық материалында санитарлық қорғау аймақтарының шекаралары көрсетілген (Тапсырыс беруші - Қарабалық ауданы әкімдігінің "Жылу" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК